

Педагогикалық кеңес

ХАТТАМА № 7

« 20 » наурыз 2024 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 29

Шағын орталық тәрбиешісі -1

Кітапханашы-2

Мектеп медбикесі-1

Күн тәртібінде:

1. ББЖМ 3 сынып және 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің мониторингінің нәтижесі.
2. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу 4-9 сыныптарда (ББЖМ) туралы түсіндіру.
3. «Жас дәурен» балалар сауықтыру лагеріне Құдайберген Әдияны жіберу.

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

ББЖМ 3 сынып және 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижесі туралы.

А) Үшінші сынып оқушыларын оқу жетістіктерінің мониторингіне дайындау және оқу процесін тиімді ұйымдастыруды бағалау мақсатында 3 сынып оқушыларымен білім жетістіктерін бақылау бойынша тест жұмысы өтті. Тестілеу онлайн режимінде Google платформасында өтті.

Мектепте: 3 «а» (оқыту тілі қазақша) сыныпта -6 оқушы, Бастауыш сынып мұғалімі Қақтай Гүлжазира (педагог-сарапшы). 3 «б» (оқыту тілі орысша) сыныпта -7 оқушы.

Бастауыш сынып мұғалімі : Жаканова Айгуль Азимжановна (педагог-зерттеуші).

Үшінші сыныптағы барлық оқушылар саны -14. Барлық оқушылар қатысты.

Бағыттары: оқу сауаттылық, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

3 «А» қазақ сыныбының нәтижелері:

| № | Оқушының аты - жөні | оқу сауаттылық 10 б | математикалық сауаттылық 12 б | жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. 8 б | Балл 30 б |
|---|--------------------------------|------------------------|----------------------------------|---|--------------|
| 1 | Айтбай Нұрбол | 6 | 8 | 6 | 20 |
| 2 | Жанарбек Аяулым | 5 | 9 | 7 | 21 |
| 3 | Сайлауұлы Анвар | 5 | 6 | 5 | 16 |
| 4 | Сайлауұлы Мансұр | 7 | 6 | 5 | 18 |
| 5 | Сартай Гульсая | 4 | 9 | 3 | 16 |
| 6 | Тлейхан Кәусар | 8 | 8 | 6 | 22 |
| | Жалпы пән бойынша білім сапасы | 58% | 64% | 67% | 63% |

-оқу сауаттылық 58%,

- математикалық сауаттылық 64%,

-жаратылыстану-ғылыми сауаттылық 67%. Сыныптың жалпы білім сапасы жақсы.

Сартай Гульсаямен қосымша жұмыстар жүргізілуі қажет.Себебі бұл оқушыда оқу сауаттылығы,жаратылыстану сауаттылығы орташа көрсеткішті көрсетті.

3 «Б» орыс сыныбының нәтижелері:

Направления: читательская грамотность, математическая грамотность, естественно-научная грамотность.

| № | Оқушының аты жөні | читательская грамотность 10 б | математическая грамотность 12 б | естественно-научная грамотность 8 б | балл |
|---|--------------------------------|----------------------------------|------------------------------------|--|------|
| 1 | Арлан Гульшашар | 9 | 12 | 8 | 29 |
| 2 | Елюбаева Айлин | 7 | 9 | 8 | 24 |
| 3 | Жанкабаева Инжу | 9 | 10 | 7 | 26 |
| 4 | Жумабаева Айзере | 8 | 10 | 5 | 23 |
| 5 | Сайлауов Амир | 7 | 9 | 8 | 24 |
| 6 | Пугалова Валерия | 6 | 10 | 6 | 22 |
| 7 | Жуманова Дарина | 9 | 8 | 6 | 23 |
| | Жалпы пән бойынша білім сапасы | 78% | 81% | 86% | 81% |

3 «б» сыныбының білім сапасы өте жақсы деп айтуға болады.

Ә) Сегізінші сынып оқушыларын оқу жетістіктерінің мониторингіне дайындау және оқу процесін тиімді ұйымдастыруды бағалау мақсатында 8 сынып оқушыларымен білім жетістіктерін бақылау бойынша тест жұмысы өтті. Тестілеу онлайн режимінде Google платформасында өтті.

Мектепте: 8 «а» (оқыту тілі қазақша) сыныпта – 8 оқушы. Орыс 8 сынып-жоқ.

Сынып жетекшісі Смагулова М.Ш.

Пән мұғалімдері: (Оқу сауаттылық)

Қазақ тілі мұғалімі – Зиябай Бакытбек (педагог-сарапшы)

Орыс тілі мұғалімі – Жаксыбаева А.К (педагог-зерттеуші)

Ағылшын тілі мұғалімі- Ануар А.Ү (педагог, санатсыз)

Математикалық сауаттылық ,

математика пәнінің мұғалімі Смагулова М.Ш (педагог-модератор).

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық .

География мұғалімі-Хурман Марияш (санатсыз)

Физика мұғалімі -Төленді И.Н (педагог-модератор)

Химия,биология мұғалімі- Хурман Бакболат (педагог-сарапшы)

Барлық оқушылар қатысты .

Бағыттары: оқу сауаттылық (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі),

математикалық сауаттылық ,

жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (география, физика, химия, биология).

Сегізінші сынып оқушыларының нәтижелері:

| № | Оқушының аты-жөні | Оқу сауаттылық 30 б | | | балл | Математикалық сауаттылық (13 б) | | | | | 75 б |
|---|--------------------------------|------------------------|------------------|------------------------|------|------------------------------------|-----------------|------------|----------------|--------------|------|
| | | Қазақ тілі (10б) | Орыс тілі (10 б) | Ағылшын тілі (10 б) | | | География (8 б) | Химия(8 б) | Биология (8 б) | Физика (8 б) | Балл |
| 1 | Айтжан Даниал | 4 | 7 | 10 | 21 б | 10 | 6 | 6 | 7 | 6 | 56 |
| 2 | Амангелді Айым | 7 | 10 | 5 | 22 б | 4 | 2 | 6 | 7 | 6 | 47 |
| 3 | Бейсекеева Алия | 6 | 6 | 8 | 20 б | 11 | 5 | 5 | 6 | 7 | 54 |
| 4 | Гайвбек Дидар | 4 | 6 | 9 | 19 б | 12 | 4 | 6 | 6 | 7 | 54 |
| 5 | Құдайберген Әдия | 7 | 8 | 8 | 23 б | 9 | 3 | 6 | 8 | 8 | 57 |
| 6 | Сагимбаева Фатима | 4 | 8 | 8 | 20 б | 9 | 2 | 6 | 8 | 6 | 51 |
| 7 | Турсунова Аружан | 8 | 8 | 4 | 20 б | 11 | 5 | 4 | 7 | 6 | 53 |
| 8 | Шоқыбаев Ерасыл | 9 | 8 | 10 | 27 б | 13 | 4 | 7 | 6 | 8 | 65 |
| | Жалпы пән бойынша білім сапасы | 61% | 76% | 78% | | 76% | 48 % | 72 % | 86 % | 84 % | 72% |

География пәнінен қосымша сабақтар жүргізу.

8 «а» сынып бойынша білім сапасы жақсы деп айтуға болады.

Сөз сөйлеген мектеп директоры А.Аксейтова пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерге:

- Сәтсіздікке ұшыраған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу қажет.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, әнгімелер, кеңестер өткізу.
- Қателіктер бойынша жұмыс жүргізу
- ББЖМ жұмыстарының қорытындысын ата-аналардың назарына жеткізу.

Екінші сұрақ бойынша С.Абдрахманова тыңдалды: Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу 4-9 сыныптарда (ББЖМ) туралы түсіндіру. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 24 шілдедегі (2021 жылғы 8 қаңтардағы өзгерістер және толықтырулармен) «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4-тармағына сәйкес Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) болып өзгертілді. Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады. ББЖМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, дайындық пен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу мен жүйелі талдауды қамтиды. ББЖМ 4-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдана отырып, оқыту тілінде функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізіледі. 4-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы: Оқу сауаттылығы – 10 тест тапсырмасы; Математикалық сауаттылық – 12 тест тапсырмасы; Жаратылыстану-ғылыми

сауаттылық – 8 тест тапсырмасы. Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған. Тестті орындау уақыты – 75 минут (1 сағат 15 минут). Максималды балл – 30. ББЖМ 9-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында АКТ қолдана отырып, функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: математикалық сауаттылық, жаратылыстану ғылыми сауаттылық, оқу сауаттылығы (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде мәтіндер) бойынша жүргізіледі. 9-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы: Оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі), әр тіл бойынша 10 тест тапсырмасы, барлығы 30 тест тапсырмасы; Математикалық сауаттылық – 13 тест тапсырмасы; Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география), әр пән бойынша 8 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасы. Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған. Тестті орындау уақыты – 150 минут (2 сағат 30 минут). Максималды балл – 75. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер 1. Осы Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш және негізгі орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды. 2. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17769 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады. ББЖМ кейіннен әдістемелік көмек көрсете отырып және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, тестілеу нәтижелерін дайындауды және жүргізуді, өңдеуді және жүйелі талдауды қамтиды. 3. Бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ МЖБС талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

Биыл біз ББЖМ тапсырмаймыз. Сонда да сіздер біліп, оқушыларыңыз дайын болу керек.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксеитова тыңдалды:

2024 жылғы 18 наурыздағы №06-04/1637 «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің хаты негізінде, 2024 жылдың 24 наурыздан-31 наурыз аралығында «Жас дәурен» балалар сауықтыру лагеріне демалуға 8 сыныптың оқушысы Құдайберген Әдия жіберіледі.

Сөз сөйлегендер: тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева сөз алды: Құдайберген Әдия – үздік оқушы, дарынды, аудандық жарыстарға қатысады, жүлдегер. Қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытады. Оқушылармен қарым – қатынасы жақсы. Сыныптастарының арасында беделді.

Шешім:

1. 3 сынып және 8 сынып оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілсін.

ББЖМ жұмыстарының қорытындысын ата-аналардың назарына жеткізілсін.

2. ББЖМ бойынша 4-9 сыныптарда түсіндіру сынып жетекшілерге тапсырылсын.

ББЖМ бойынша тест спецификациясымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.

3. «Жас дәурен» сауықтыру лагеріне Құдайберген Әдия жіберілсін. Оқушыны шығарып салу, күтіп алу ата-анасына тапсырылсын. (көктемгі демалыс уақыты)

Төрайымы
Хатшы

А.Аксеитова
Н.Молдагайсина